

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 25)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Өтпелі ағынды цитометрия жүйесі	Өтпелі ағынды цитометрия жүйесі флуоресценттік талдауға арналған және жоғары дәлдіктегі микрофлюидтік технологияны қолданады. Құрылғы үлгілерді автоматты түрде өңдеп, жоғары өткізу қабілетін қамтамасыз етеді. Негізгі техникалық сипаттамалары - Лазер толқын ұзындығы: базалық конфигурация - 2 лазер (488 нм – 43 мВт және 638 нм - 55 мВт) және 4 түс. Жүктеу режимдері - ашық режим (Қолмен жүктеу режимі) және автожүктеуші режимі (Автожүктеушіні (40 пробирка/карусель. талдау алдында автоматты араластыру функциясымен) орнату мүмкіндігімен) Өткізу қабілеті: сағатына 90 тестке дейін Габариттері: Ені: 500 мм Биіктігі: 500 мм Тереңдігі: 550 мм Салмағы: 60 кг Функционалдық мүмкіндіктері - CD4 тесті: CD45, CD3, CD4 және CD8 маркерлерін бір пробиркада анықтау LIS жүйесімен интеграция: зертханалық ақпараттық жүйемен (LIS) үйлесімді Жасушалардың абсолютті санын анықтау: қосымша шығынсыз (микросфералар, бидтерді қолданбай) және жоғары дәлдіктегі микрофлюидтік детектор Жұмыс ортасы: температура 15°C~32°C, салыстырмалы ылғалдылық 20%~85%, атмосфералық қысым 70 кПа~106 кПа Қуат көзі: негізгі блок 100В~240В (±10%), 50~60Гц (±3Гц) Ағын жылдамдығы (3 режим): төмен - минутына 10 мкЛ сынама, орта - минутына 50 мкЛ сынама, жоғары - минутына 100 мкЛ сынама Минималды сынама көлемі: 100 мкЛ Анықтау қабілеті көлемі: 0,5-50 мкм Флуоресценттік сезімталдық: PE < 100 MESF, FITC < 200 MESF Шашырату ажыратымдылығы: FSC ≤ 1,0 мкм, SSC ≤ 0,5 мкм Максималды алыну жылдамдығы: секундына 12 000 оқиға	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 37 (отыз жеті) айды құрауы тиіс.

Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалып, келесі жұмыстарды қамтуы қажет:

- ресурсы таусылған құрамдас бөлшектерді ауыстыру;
- медициналық техниканың жекелеген бөлшектерін ауыстыру немесе қалпына келтіру;
- медициналық техниканы баптау және реттеу, сондай-ақ осы техника түріне тән арнайы жұмыстарды орындау;
- негізгі механизмдер мен тораптарды тазалау, майлау және қажет болған жағдайда қайта жинау;
- медициналық техниканың корпусы мен оның құрамдас бөліктерінің сыртқы және ішкі беттерінен шаң-тозаңды, кірді, коррозия мен тотығу іздерін жою (ішінара блоктық-тораптық бөлшектеуді қоса алғанда);

осы медициналық техника түріне тән, пайдалану құжаттамасында көрсетілген өзге де операцияларды орындау.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

